- Пайдаланушы аккумулятор батареяларын өзі алмастырмауы керек.
- Шаңсорғыштың қылшағына немесе дөңгелегіне киім немесе дене бөлшектерінің (шаш, саусақ т.б.) түсуіне жол бермеңіз. Бұл талапты орындамау жарақаттарға алып келуі ықтимал.
- Бұйымды отқа немесе тез тұтанатын/жарылыс қаіпті/коррозиялық материалдарға жақын жерге орналастырмаңыз.
- Егер пайдаланушы нұсқаулығы болмаса, электронды пайдаланушы нұсқаулығын алу үшін жергілікті дилерге хабарласыңыз немесе сатудан кейінгі қызмет көрсету бөліміне қоңырау соғыңыз.
- Робот-шаңсорғышты және өзін-өзі тазалау станциясын тазалау және қызмет көрсетуді құрылғы сөндірілген немесе қуат беру желісінен ажыратылған кезде жүргізу керек.

 Назар аударыңыз!

- Аталған құрылғыға алмастыруды тек білікті персонал ғана жүзеге асыруға тиісті болатын аккумулятор батареялары орнатылған.
- Аккумуляторды қуаттау үшін тек аталған құрылғымен бірге жеткізілетін өзін-өзі тазалау станциясын пайдалану керек.

Қауіпсіздік техникасы бойынша ақпарат

- Үй-жайдың ішінде темекі қалдықтары, шырпы немесе басқа да тез тұтанатын және жарылыс қаупі бар заттардың болмауын тексеріңіз. Бар болса, құрылғыны пайдалану алдында оларды қолмен жинап алыңыз. Робот тез тұтанатын заттарды тартып алады, бұл оның істен шығуына алып келуі мүмкін, себебі, құрылғы корпусы жұмыс барысында қызады.
- Бұйыр жақ қылшақтарын, дөңгелектерін, шаң жинағыш және фильтрді тұрақты түрде тазалап отыру керек.
- Аккумуляторды алып шығатын кезде құрылғы қуат беру желісінен ажыратылуы керек.
- Қоршаған ортаның ластануына жол бермеу үшін бұйымды кәдеге жарату барысында аккумуляторын бөлшектеуге және оны тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды.
- Құрылғы үй жағдайында ғана еденді тазалау үшін арналған. Оны үй-жайлардан тыс жерде, мысалы, ашық балқонда немесе еденнен басқа беттерде, диванның үстінде пайдалануға болмайды, сонымен қатар, шаңсорғышты коммерциялық немесе өнеркәсіптік үй-жайларда қолдануға болмайды.
- Су, май немесе басқа сұйықтықтарды соруына жол бермеңіз, бұл құрылғының істен шығуына алып келуі мүмкін.
- Пайдалану алдында құрылғы жұмысына кедергі келтірмеу үшін едендегі сымдарды жинап алу керек.
- Пайдалану алдында сынғыш заттарды алып тастау керек.
- Құрылғының қалыпты жұмыс жасауы үшін өзін-өзі тазалау станциясын қабырғаның жанына тегіс еденге қою керек.
- Ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған жағдайда өзін-өзі тазалау станциясын желіден ажырату керек.
- Құрылғы жұмыс барысында өзін-өзі тазалау және қуаттау станцияларын бұрынғы орнынан алуға болмайды. Бұл үй-жайды тазалау жоспарын бұзуы мүмкін.
- Құрылғының істен шығуының алдын алу үшін оны өткір заттарды (мысалы, шыны сынықтары және шегелер) жинау үшін пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны қоршаған ортаның температурасы 35°C жоғары немесе 0°C төмен болғанда, ылғалды, тез тұтанатын, жарылыс қауіпі немесе коррозиялы ортада пайдалануға болмайды.

- Құрылғыны лазерлік радар қақпағынан ұстап көтеруге болмайды.
- Тазалау және қызмет көрсету алдында құрылғының сөндірілгеніне, ал өзін-өзі тазалау станциясының желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғы қозғалыста немесе қозғалыссыз қалыпта болғанда оның үстіне балалар, үй жануарлары немесе басқа да заттарды орналастыруға болмайды.
- Құрылғының ішіне сұйықтық бүркуге болмайды (шаңға арналған бөлімді орнына орнату алдында, оның мұқият кептірілгеніне көз жеткізу керек).
- Құрылғыны төңкеріп қоймаңыз (лазерлік радар корпусы жерге жанаспауы керек).
- Аталған құрылғыны тек пайдаланушының нұсқауларына сәйкес пайдалану керек. Пайдаланушылар аталған құрылғыны қате пайдаланудың нәтижесінде орын алған кез келген шығын немесе зиян үшін жауапкершілікте болады.
- Робот-шаңсорғыштың соғылуы мүмкін немесе оның жолы бұғатталуы мүмкін бағалы заттардың бүлінуінің алдын алу үшін еденнен ұсақ және сынғыш заттарды (құмыра, пластик пакеттер және айналар т.б.) алып тастау керек.

3. Балалардың қауіпсіздігі



- Балалар құрылғымен ойнамауы керек.
- Негізгі қылшақты тазалауға арналған құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.
- Құрылғыны 8 жасқа дейінгі балалар, физикалық және ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдардың ересектердің бақылауысыз пайдалануына рұқсат бермеңіз. Жоғарыда айтылған тұлғалар құрылғыны пайдаланған жағдайда, олардың қамқоршыларының қадағалап отырғанына көз жеткізіңіз. Балалар мен үй жануарларын құрылғымен тербегуге тыйым салынады.

4. Аккумуляторлар



- Бұл құрылғыда литий-ионды аккумулятор батареялары блогы орнатылған.
- Құрылғы немесе аккумуляторды жоғары температуралар әсеріне ұшыратпаңыз.
- Аккумулятордан жұмыс жасайтын құрылғының немесе аккумулятордың өзінің клеммаларының металл заттармен қысқа тұйықталу қауіпін естен шығармаңыз.
- Құрылғыны кәдеге жарату алдында оның аккумуляторын шығару керек. Шығару бойынша амалдар:
 - A. Бұрағыштың көмегімен бүйір жақ қылшақ және негіздеменің декоративті тақтасының бұрандасын босатыңыз.
 - B. Негіздемені әрлеу тақтасы және бүйір жақ қылшақты шешіп алыңыз.
 - C. Аккумуляторды шығарып және басты тораппен арасындағы жалғау сымын ажыратыңыз.
- Егер робот-шаңсорғыштың аккумуляторын алмастыру қажет болса, сервистік қызмет көрсету бөліміне жүгініңіз. Қате аккумулятор батареяларын пайдалану жазатайым жағдайға себеп болуы ықтимал.
- Аккумулятор тесілген болса, сұйықтықтың тері немесе киімге жанасуына жол бермеңіз. Оны дереу құрғақ матамен сүртіп, кәдеге жарату орнына жіберіңіз немесе сервистік мамандарға хабарласыңыз. Оны тастауға болмайды.
- Бұйымның ескі аккумуляторларын дұрыс кәдеге жарату керек. Аккумулятордың құрамында қоршаған орта үшін қауіпті заттар бар. Қоршаған ортаны қорғау бойынша жергілікті нормаларды сақтап және аккумуляторды арнайы өңдеуге арналған орындарға жіберіңіз.
- Робот-шаңсорғышты литий аккумуляторымен қуаттаңыз, максималды сыйымдылығы 5200 мАс, кернеуі 14,4 В.

5. Бұйымды қолдану саласы


Бұйым келесі едендер түрлеріне қолдану үшін жарамды: Ағаш еден, керамикалық тақташа және қысқа талшықты кілем.

6. Жауапкершіліктен бас тарту

Келесі жағдайлардың кез келген бірінде бұйым тегін кепілдік шеңберінен шығарылады, алайда, ақылы жөндеу жүргізілуі ықтимал:


- A. Пайдаланушының бұйымды біздің пайдаланушы нұсқаулығының талаптарына қатаң сәйкес пайдалану ережелерін бұзуы немесе қате сақтауының салдары.
- B. Бұйым немесе бөлшектердің тегін кепілдік мерзімі асқан.
- C. Біздің компанияның қызмет көрсететін персоналы немесе уәкілетті өкілі болып табылмайтын тұлғалар жүргізген демонтаждау нәтижесінде істен шығу;
- D. Сатып алуға қолданыстағы кепілдік нөмірін ұсыну мүмкін болмаған.
- E. Стихиялық апаттар секілді еңсерілмейтін факторлардан туындаған зиян.
- F. Кездейсоқ факторлардан немесе техногендік себептерден туындаған бұйымның істен шығуы немесе ақаулығы (пайдалану барысында қате, сұйықтықтың түсуін, дұрыс қосылмау/ажырату, сызаттар, дұрыс жұмыс жасамау, соққылар, сәйкес емес кернеу беруді және т.б. қоса алғанда).

Құрылғымен танысу



Робот-шаңсорғыш


Робот-шаңсорғышқа орнатылған жабдықтар:




Шаң жинағыш



Торлы фильтр
(Шаң жинағышқа
орнатылған)



Негізгі қылшақ



Негізгі қылшақ
қақпағы



Швабра



Бүйір жақ
қылшақ


Өзін-өзі тазалау функциясы бар қуаттау док-станциясына орнатылған жабдықтар:




Таза суға арналған
резервуар



Лас суға арналған
резервуар




Ағын сулар фильтрі



Өзін-өзі тазалау функциясы бар қуаттау док-станциясы

Ескерту: Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер тек анықтамалық мақсатта берілген. Нақты бұйым және қызметтері бұйымды жетілдірумен байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Басқа да жабдықтар:




Қуат беру шнуры



Бүйір жақ қылшақ
(алмастырылатын)



Швабра
(алмастырылатын)





Тазартқыш құрал



Торлы HEPA фильтр
(алмастырылатын)

Құрылғымен танысу

Робот-шаңсорғыш



Құрылғымен танысу

Қосу/сөндіру батырмасы

3 секунд бойы басып тұру - қуат беруді қосу немесе сөндіру
Қысқа уақыттық басу - тазалау немесе үзіліс

Қуаттау батырмасы

Жұмыс режимінде қысқа басу - негізгі машина уақытша тоқтатылған
Үзіліс режимінде қысқа басу - қуаттауды бастау
Қуаттау режимінде қысқа басу - қуаттауды тоқтату

Негізгі машинаның жағдайы жарық индикаторына нұсқаулар


Ақ индикатор тұрақты жанады	Робот-шаңсорғыш қалыпты жұмыс жасайды	Сары индикатор тұрақты жанады	Робот-шаңсорғыштың Wi-Fi сөндірілген
Ақ индикатор жарықтығын баяу өзгертеді	Қуаттау жүріп жатыр	Сары индикатор жыпылықтайды	Робот-шаңсорғыш ақаулы
Ақ индикатор жыпылықтайды	Қуаттау/прошивканы жаңарту жүріп жатыр	Негізгі машина индикаторы сөндірілген	Сөндірілген/ұйқы

Өзін-өзі тазалау қызметі бар қуаттау док-станциясының жарық индикациясына нұсқаулар

Ақ индикатор тұрақты жанады	Өзін-өзі тазалау станциясы қалыпты жұмыс жасайды.
Ақ индикатор жыпылықтайды	Тазалау жүріп жатыр.
Сары индикатор жыпылықтайды	Өзін-өзі тазалау станциясының ақаулығы

Құрылғымен танысу

Робот-шаңсорғыш



Wi-Fi жарық индикаторы
Көк индикатор 2 секунд жанады және сөнеді: Wi-Fi жалғанған.
Көк индикатор жыпылықтайды: Wi-Fi қосылу жүріп жатыр/прошивканы жаңарту жүріп жатыр.
Сары индикатор жыпылықтайды: Wi-Fi қосылуды күтуде.


Қайта жүктеу батырмасы
Басып, 3 секунд бойы ұстау, жүйені жою үшін басып 10 секунд бойы ұстау, жүйені қалпын келтіру

Шаң жинағыш

Шаң жинағышты ашу батырмасы


Шаң жинағыш қақпағы

Торлы фильтр




Ескерту: Шаң жинағыштар тазалау режимінде де, сыпыру мен ылғалды тазалау режимінде де орнатылуы керек, керісінше жағдайда машина іске қосылмайды.

Виброшвабраға арналған кронштейн



Виброшвабраға арналған кронштейн

Өзін-өзі тазалау станциясы (қабырғаның жанына орналастыру)



Лас су фильтрі

Тазалау қылшағы

Құрғату саңылауы

Өзін-өзі тазалау станциясының қақпағы

Таза суға арналған резервуар

Тазалау қылшағы

Қуаттауға арналған тұғырық

Лас суға арналған резервуар


Сыпыру/ылғалды тазалау батырмасы

Қуаттауды тазалау батырмасы

Тазалау саңылауы

Орнату

Өзін-өзі тазалау станциясын қабырғаның жанына орнатып және қуат беру желісін жалғаңыз





Ұсыныстар:

- Өзін-өзі тазалау станциясын тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз
- Өзін-өзі тазалау станциясының сол және оң жақтарынан 0,5 м кем емес және алдынан 1,5 м кем емес орын қалдарыңыз.
- Электр беру желісін қадағалаңыз, керісінше жағдайда робот оны тартып әкетіп, өзін-өзі тазалау станциясы орнын ауыстырып немесе сөніп қалуы мүмкін.
- Таза суға арналған резервуар, лас суға арналған резервуар және ағын су фильтрі өз орындарына орнатылуы керек.

Қуат беруді қосу және қуаттау


Алғаш пайдаланғанда робот-шаңсорғышты қуаттау док-станциясына қуаттауды бастау үшін қойыңыз.

Күнделікті пайдаланған жағдайда, зияткер қуаттауды бастау үшін «» батырмасын басыңыз.



Бампердегі қорғаныштық олақты алып тастаңыз.

Пайдалану алдында бұйым дұрыс жұмыс жасауы үшін бампердегі қорғаныштық жолақты алып тастаңыз.



Орнату

Сыпыру/ылғалды тазалау батырмасы:

Күту режимінде, қысқа уақыт басу, тазалауды бастау
Тазалау барысында, қысқа уақыт басу, тазалауды уақытша тоқтату
Қуаттау режимінде қысқа уақыт басу, қуаттауды тоқтату

Тазалауды қуаттау батырмасы:

Күту режимінде станцияда тазалауды бастау үшін қысқа уақыт басыңыз.
Тазалау режимінде станцияда тазалауды тоқтату үшін қысқа уақыт басыңыз.
Қуаттау үшін станциядан тыс қысқа уақыт басыңыз.
Күту режимінде станцияда ауамен тазалауды бастау үшін басып және ұзақ уақыт ұстап тұру керек.
Станцияда ауамен құрғату кезінде ауамен тазартуды тоқтату үшін басып және ұзақ уақыт ұстап тұру керек.


Ұсыныстар:

- Алғашқы қуаттау кезінде аккумуляторды қорғау үшін бұйымды толық қуатталғаннан кейін пайдалану керек.
- Егер аккумулятор деңгейі төмен болуына байланысты негізгі машина қосылмаса, оны қуаттау үшін өзін-өзі тазалау станциясына қойыңыз.
- Негізгі машина өзін-өзі тазалау станциясына қосылғаннан кейін автоматты түрде қосылады және қуаттау кезінде сөндірілмейді.

Жабдықтарды талап етілетін тазалау режиміне тәуелді орнату керек.

Сыпыру режимі (шаң жинағышты орнатыңыз):

Саңылаудан бетіндегі қақпағын ашып және шаң жинағышты негізгі машинаға орнатып және тиегі дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.




Keңестер: лас заттар тазалау тиімділігіне әсер етпеуі үшін шаң жинағышты тұрақты түрде тазалап отыру керек.


Орнату

Ылғалды тазалау режимі (таза суға арналған резервуарды, лас суға арналған резервуарды және швабраны орнату):

1. Швабраны суретке сәйкес швабраға арналған вибрациялық тіреуге салып, оны ілмек мен ілгекке бекітіңіз.




2. Таза суға арналған резервуарды шығарып және су құбырындағы судан максималды су деңгейінен төмен құйыңыз.



Кеңес: лас суға арналған резервуарды тұрақты түрде тексеріңіз. Егер лас су бар болса, лас суға арналған бакта су қалмау үшін оны уақытылы төгіңіз.

3. Өзін-өзі тазалау станциясына таза суға арналған резервуарды және лас суға арналған резервуарды орнатып, кейін өзін-өзі тазалау станциясының қақпағын жабыңыз.



Ескертулер:

- Таза суға арналған резервуардың деформациясының алдын алу үшін оған ыстық су құймау керек.
- Лас суға арналған резервуардың деформациясының алдын алу үшін оған ыстық су құймау керек.
- Ылғалды тазалауды жүргізу үшін кілем жабыны бар орындарға виртуалды қабырға немесе тыйым салынған аймақтар белгілеу керек.
- Коррозияның пайда болуы және аталған құрылғының зақымдануының алдын алу мақсатында жуғыш құралдар, залалсыздандырғыш құралдар және қатты жуғыш құралдар секілді тазалау құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
- Су жинақталып қалған жағдайда тазалау және ылғалды тазалау алдында жиналған суды төгіп тастау керек.
- Еденді ылғалды тазалаудан кейін жағымсыз иіс және зең пайда болуының алдын алу үшін лас суға арналған резервуарды уақытылы шығарып және жуу, сонымен қатар, тазалау қылшағын, тазалау саңылауын және лас су фильтрін тазалау керек.

Wi-Fi желісіне қалай қосылады


Қосымшаны жүктеңіз

Қосымшаны жүктеу және орнату үшін QR-кодты сканерлеңіз.



Желіні баптаңыз

Желіні баптау үшін «+» батырмаларын басып және 7 секунд ұстап тұрыңыз.





Android базасындағы мобильді құрылғыны Wi-Fi желісіне жалғау

Тізімнен қажетті құрылғыны таңдап және жалғастыру үшін «қосылу» басыңыз. Нұсқауларды орындаңыз.

iOS базасындағы мобильді құрылғыны Wi-Fi желісіне жалғау.



Өз телефоныңыздағы Wi-Fi желісі баптауларынан робот-шаңсорғышты жалғау үшін қосылу нүктесін таңдап, қосылғанын күтіңіз. Қосымшаға қайта оралып, «Әрі қарай» басыңыз және қосылуды аяқтау үшін нұсқауларды орындаңыз. Ескерту: Егер сіздің телефоныңыз робот-шаңсорғышына қосылмаса (төменде сипатталғандай) «Wi-Fi баптауларын жою» бөлімін қар. Пайдаланушымен оңтайлы әрекеттестік үшін Wi-Fi желісіне қосылу қажет.

Wi-Fi баптауларын жою

Роутерді алмастырған немесе Wi-Fi паролін өзгерткен жағдайда, Wi-Fi баптауларын жою үшін бір мезгілде  және  батырмаларын басып, Wi-Fi индикаторы көк түспен жыпылықтап және Wi-Fi баптаулары сәтті жойылғанын растайтын сигнал берілгенге дейін 7 секунд ұстау керек.

Құрылғының жұмысы


Қосылу/сөндіру

Негізгі құрылғыда «» батырмасын басып және индикатор жанып, негізгі құрылғы қосылғанға дейін 3 секунд бойы ұстап тұру керек. Негізгі құрылғы қуатталмағанда және үзіліс режимінде болғанда, қуат беруді сөндіру үшін «» батырмасын басып және 3 секунд бойы ұстау керек.

Үй-жайдың картасы

Картаны жылдам жасау немесе тазалауды аяқтау және негізгі құрылғыны сәтті қуаттау үшін құрылғы жаңартылған картаны қосымшада автоматты сақтайды. Картаны сәтті жасау үшін Сіз аймақтарды бөліп немесе біріктіре аласыз, сонымен қатар, қосымша арқылы бөлмелер атауларын сақтай аласыз.

Тазалау

Қосылған қалыпта «» батырмасын басып және бірнеше секунд ұстап тұрыңыз, негізгі құрылғы жұмыс жасай бастайды.



Вибрациямен ылғалды тазалау режимі

Ылғалды тазалау барысында үнсіз келісім бойынша вибрациясы бар ылғалды тазалау режимі пайдаланылады, бұл тазалаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Режимді қосымшада сөндіруге болады.


Модель/деңгейді таңдау

Қосымшада әр түрлі тазалау режимдері мен сору механизмдерін таңдауға болады.

Үзіліс қалпы

Негізгі құрылғы жұмыс жасап тұрғанда, онда тазалауды тоқтату үшін «» батырмасын басып, бірнеше секунд ұстау керек, кейін тазалауды жалғастыру үшін «» батырмасын қайта басып, бірнеше секунд ұстап тұру керек.

Құрылғыны қуаттау

Негізгі құрылғы тазалауды аяқтағанда, ол автоматты қуатталады және тазалау режиміне сәйкес швабраны тазалау керек пе екенін анықтайды. Егер негізгі құрылғы док-станцияда болмаса, онда қуаттауды бастау үшін құрылғының өзінен «» батырмасын басып, бірнеше секунд бойы ұстап тұру керек. Қуаттау сәтті аяқталғаннан кейін швабраны тазалау режиміне сәйкес тазалау қажеттігін анықтаңыз.


Суға арналған резервуарды қосу немесе сумен толтыру

Робот-шаңсорғыш сыпыру немесе ылғалды тазалауды бастағанға дейін, таза суға арналған резервуарды таза сумен толтырыңыз. Робот-шаңсорғыш сыпыру немесе ылғалды тазалауды аяқтағаннан кейін, лас суға арналған резервуардан суды төгіп, оны тазалау керек.


Ұсыныс: Коррозияның пайда болуы және аталған құрылғының зақымдануының алдын алу мақсатында жуғыш құралдар, залалсыздандырғыш құралдар және қатты жуғыш құралдар секілді тазалау құралдарын пайдалануға тыйым салынады.


Швабраны тазалау

Сыпыру және ылғалды тазалау процесінде негізгі құрылғы швабраны тазарту үшін автоматты түрде өзін-өзі тазалау станциясына оралады. Тазалау аяқталғаннан кейін негізгі құрылғы автоматты түрде сыпыру мен ылғалды тазалауды тоқтаған жерінен қайта жалғастыратын болады.

Сыпыру және ылғалды тазалау барысында өзін-өзі тазалау станциясында «» батырмасын басып және бірнеше секунд ұстап тұрғанда негізгі құрылғы өзін-өзі тазалау станциясына оралып және швабраны тазартады.

Сыпыру және ылғалды тазалаудан кейін негізгі құрылғы швабраны тазарту үшін автоматты түрде өзін-өзі тазалау станциясына оралады. Швабраны тазалағаннан кейін құрылғы ұйқы режиміне ауысады.

Сыпыру және ылғалды тазалау режимінде негізгі құрылғыда «» батырмасын басып және бірнеше секунд ұстап тұрыңыз, негізгі құрылғы қуаттануды бастайды және швабраны автоматты тазартады, оны тазартқаннан кейін ұйқы режиміне ауысады.

Өзін-өзі тазалау станциясында күту режимінде тұрғанда швабраны тазарту үшін «» батырмасын басып және бірнеше секунд ұстап тұрыңыз. Станция швабраны тазартқаннан кейін ұйқы режиміне ауысады.

Жоспарланған тазалау

Пайдаланушы қосымшадан кесте бойынша тазалауды баптай алады және негізгі құрылғы жоспарланған тазалау бойынша тапсырманы орындайды және тазалау аяқталғаннан кейін өзін-өзі тазалау станциясына оралады.

Ұсыныстар: «Мазаламау» режимі қосулы болған жағдайда, жоспарланған тазалау жүзеге асырылмайды.

Тоқатағаннан кейін жұмысты жаңарту.

Аталған құрылғы тоқтағаннан кейін жұмысты жаңарту қызметімен жабдықталған. Егер тазалау кезінде негізгі құрылғы қуатсыздана бастаса, ол автоматты түрде қуатталу үшін өзін-өзі тазалау станциясына қайта оралады. Толық қуатталғаннан кейін ол тазалауды тоқтаған жерінен қайта жалғастырады. Егер тазалауды қолмен аяқтайтын, негізгі құрылғыны қуатталу кезінде орнын ауыстырып немесе пайдаланатын болсаңыз тазалау жаңартылмайды.

Виртуалды қабырға/шектелген аймақ

Робот-шаңсорғыш тазалауды қажет етпейтін учаскелерге өтпеуі үшін пайдаланушы виртуалды қабырға/шектелген аймақты белгілей алады. Ұсыныстар:

- Аталған қызметті пайдалану алдында қосымшада картаны сақтау керек.
- Негізгі құрылғының орнын ауыстыру немесе үйдің жоспарлануын өзгерту сақталған карталардың өзектілігін, виртуалды қабырға мен шектелген аймақтың баптауларын жояды.

Барлық аймақтарды тазалау

Егер картасыз «Барлық аймақтарды тазалау» қызметін таңдайтын болсаңыз, негізгі құрылғы өлшемі 6x6 метр шаршы аймақты тазалай бастайды. Картаны қосымшада сақтап және «Барлық аймақтарды тазалау» қызметін таңдағаннан кейін негізгі құрылғы әр бөлмені жоспарлы маршрут бойынша тазалай бастайды. Тазалау аяқталғаннан кейін негізгі құрылғы өзін-өзі тазалау станциясына оралады.

Жиектерді тазалау

Қосымшадан «Жиектерді тазалау» қызметін таңдаған жағдайда құрылғы автоматты түрде тазалануы тиісті аумақтарды танып, жиектер бойымен тазалай бастайды, тазалау аяқталғаннан кейін автоматты түрде өзін-өзі тазалау станциясына оралады.

Құрылғының жұмысы

Көрсетілген аймақты тазалау

Егер тазалануы тиісті аймақ Қосымшада анықталған болса, негізгі құрылғы аталған аймақты тазалайды.

Ұсыныстар: тазалау барысында негізгі құрылғы белгіленген аумақ шегінен шығуы мүмкін болғандықтан, еденнен белгіленген аймақтағы кез келген кедергілерді алып тастау керек, себебі, қандай да бір аймақты анықтау, оны қауіпсіз ерекшелуді білдірмейді.

Белгіленген нүктеде тазалау

Қосымшадағы белгіленген нүктеде және мақсатты нүктеде тазалау режимін таңдаған жағдайда, негізгі құрылғы тазалау бойынша тапсырманың бағытын жасайды және қосымшадағы картада берілген мақсатты аймақ шегінде ауданы 2 м x 2 м тікбұрышты аймақ шегінде тазалауды бастайды.

«Мазаламау» режимі

«Мазаламау» режимін қосқанда шығу нүктесіндегі өңдеу қызметі, жоспарлы тазалау және белсенді дыбыстық хабарлама негізгі құрылғыда қол жетімсіз болады. «Мазаламау» режимі үнсіз келісім бойынша 23:00 бастап 09:00 дейін қосылады. Қосымшадан «Мазаламау» режимін сөндіруге болады. «Мазаламау» режимінің жұмысы барысында индикатор шамы негізгі құрылғыны 1 минут қуаттағаннан кейін сөнеді».

Кілемді сәйкестендіру

Тазалау барысында робот ылғалды және құрғақ тазалау үшін кілемді сәйкестендіргеннен кейін автоматты түрде сору күшейткіші қосылып, швабра көтеріледі. Бұл қызметті қосымша арқылы сөндіруге немесе Қосымшада кілемді айналып өту қызметін қосуға болады. Соңғы жағдайда робот ылғалды және құрғақ тазалау үшін тазалау барысында кілемді автоматты айналып өтеді.



Ұсыныстар: еденде балалардың еден төсеніштері, йога төсеніштері, көбікті төсеніштері немесе қысқа, қатты талшықтары бар кілемдер болса, құрылғы оларды дұрыс анықтамауы мүмкін, бірақ бұл оның қалыпты жұмысына әсер етпейді. Негізгі құрылғыны тазалауды қажет етпейтін аймаққа өтуден қорғау үшін виртуалды қабырға/тыйым салынған аймақтар қалыптастыру керек.

Ұйқы

Қуаттау жағдайларынан басқа, негізгі құрылғы 5 минут күткеннен кейін автоматты түрде ұйқы режиміне ауысады және тапсырмалар берілмей 6 сағат ұйқы режимінде болғаннан кейін автоматты түрде сөнеді. Негізгі құрылғы ұйқы режимінде болғанда оны кез келген батырмасын басып немесе Қосымша арқылы ояту керек.

Ұсыныстар: негізгі құрылғы өзін-өзі тазалау станциясында болғанда ұйқы режиміне ауыспайды.

Wi-Fi жою

Маршрутизатор немесе Wi-Fi-ға қосылу паролін өзгерткен жағдайда, осы құрылғыны қосқаннан кейін «» және «» батырмаларын 7 секунд басып тұрып, Wi-Fi қосылуды қалпына келтіру қажет. «Wi-Fi жалғау қалпына келтірілді және желі конфигурациясы іске қосылды» дыбыстық хабарламасы пайда болғанда Wi-Fi қосылу сәтті қалпына келтіріледі.

Ұсыныстар: аталған құрылғы үшін жиілігі 2,4 ГГц Wi-Fi желісі жарамды.

Жүйені жою/қалпына келтіру

Иненің көмегімен жою батырмасын басып және 3 секунд бойы басып тұрыңыз. «Жүйені жою сәтті жүзеге асырылды» дыбыстық хабарламасын алғаннан кейін негізгі құрылғы автоматты түрде қайта жүктеледі, ал жоспарлы тазалау және Wi-Fi секілді сәйкес баптаулар зауыттық баптауға дейін жойылады.


Иненің көмегімен жою батырмасын басып және 10 секунд бойы басып тұрыңыз. «Жүйені жою сәтті жүзеге асырылды» дыбыстық хабарламасын алғаннан кейін негізгі құрылғы автоматты түрде қайта жүктеледі, ал жоспарлы тазалау және Wi-Fi секілді сәйкес баптаулар зауыттық баптауға дейін жойылады. Бұл жағдайда жүйе микробағдарламаның алдыңғы нұсқасына дейін қалпына келтіріледі.

Ұсыныстар: жүйені жою/қалпына келтіруден кейін негізгі құрылғыны Қосымшаға қайталап жалғау керек болады. Қосымшадағы сәйкес баптаулар өшіріледі.


Құрылғыға қызмет көрсету

Шаң жинағыш

1. Негізгі механизмнің қақпағын ашып, шаң жинағышты ашу батырмасын басып және шаң жинағышты шығарыңыз.



2. Шаң жинағыштың қақпағын суретте көрсетілгендей ашып, қоқысты тастаңыз.



3. Фильтр торын суретте көрсетілгендей шығарып, шаң жинағышты және фильтр торын тазалау құралымен тазалаңыз, таза сумен шайыңыз, құрғатыңыз және қайта орнатыңыз.



Ұсыныстар: шаң жинағышты мұқият тазалауды аптасына бір реттен кем емес жүргізу ұсынылады. Шаң жинағыш және фильтр торын пайдалану алдында құрғату керек.

Құрылғыға қызмет көрсету

Лас су резервуары/лас су фильтрі

Лас су резервуарын шығарып және ластанған суды төгіңіз. Одан кейін тазалау қылшағын көтеріп, тазалау үшін лас су фильтрін шығарыңыз.




Ұсыныстар:

1. Еденді ылғалды тазалаудан кейін жағымсыз иіс және зең пайда болуының алдын алу үшін лас суға арналған резервуарды уақытылы шығарып және жуу, сонымен қатар, тазалау қылшағын, тазалау саңылауын және лас су фильтрін тазалау керек.
2. Шаш пен лас заттардың жиналуы нәтижесінде ағызу саңылауының бітелуінің алдын алу мақсатында лас су фильтрін тұрақты тазалап отыру керек.

Негізгі қылшақ

1. Негізгі құрылғыны аударыңыз және негізгі қылшақ қақпағын шешу үшін екі ашу батырмаларын басыңыз.
2. Негізгі қылшақты жоғары тартып, шығарыңыз.
3. Негізгі қылшақ өсінің тығынын сыртқа тартыңыз.
4. Негізгі қылшақ кронштейнін кронштейндегі теңестіру индикаторы бұғаттан шығару индикаторымен сәйкес келетіндей етіп бұраңыз және негізгі қылшақтың екі ұшынан негізгі қылшақ кронштейнін шешіп алыңыз.
5. Тазалау құрылғысындағы қылшаққа оралған шаштарды пышақпен кесіп, негізгі қылшақты тазалаңыз.
6. Кронштейн мен негізгі қылшақ өсінің тығынын орнына орнатыңыз.
7. Негізгі қылшақ пен оның қақпағын орнына орнатып және орнына түсу үшін қақпақты басыңыз.

Құрылғыға қызмет көрсету



Негізгі қылшақты тазалау тәсілі




Қылшықтарды қиыңыз

Ластануды тазалаңыз

Ұсыныстар: тазалаудың жақсы нәтижесіне қол жеткізу үшін негізгі қылшақты 6-12 айда бір рет ауыстыру ұсынылады.

Бүйір жақ қылшақ

1. Негізгі құрылғыны сөндіріп және бүйір жақ бекіткіш бұранданы шешіңіз.
2. Бүйір жақ қылшақты шығарып және тазалаңыз.
3. Бүйір жақ қылшақты орнына қойып, бұрандаларды бұраңыз.




Ұсыныстар: тазалаудың жақсы нәтижесіне қол жеткізу үшін бүйір жақ қылшақты 3-6 айда бір рет ауыстыру ұсынылады.

Құрылғыға қызмет көрсету


Әмбебап дөңгелек

1. Негізгі құрылғыны аударыңыз және әмбебап дөңгелекті жоғары бағытта тартыңыз.
2. Әмбебап дөңгелектен қылшықтар мен ластануды кетіріңіз.
3. Әмбебап дөңгелекті қайтадан орнына орнатыңыз.




Таза суы бар резеруар фильтрінің түтігі

1. Фильтр түтігін таза суы бар резеруардан шығарыңыз.
2. Фильтр қақпағын ашыңыз және фильтр қақпағы мен губкалы торды тазалаңыз.
3. Фильтр түтігін орнына кері орнатыңыз.



Датчик

Шекара датчигін және жиектердің ИҚ-датчигін тұрақты тазарту үшін жұмсақ құрғақ мата пайдалану керек.



Ұсыныстар: датчикті тазалау үшін ұнтақ немесе спрей секілді химикаттарды пайдалануға тыйым салынады.

Әдеттегі мәселелер

Мәселе	Шешімі
Қуат беруді қосу мүмкін емес.	Акумулятор қуатсызданған. Пайдалану алдында құрылғыны қуаттаңыз.
Робот сыпыру режиміне ауыспайды.	Акумулятор қуатсызданған. Пайдалану алдында құрылғыны қуаттаңыз.
Робот қуаттау үшін қайта алмайды.	Өзін-өзі тазалау станциясының айналасында кедергілер тым көп. Өзін-өзі тазалау станциясын кедергіден бос жерге орналастырыңыз. Робот өзін-өзі тазалау станциясынан тым алыста. Роботты өзін-өзі тазалау станциясының жанына қойып, талпынысты қайталаңыз.
Роботтың қалыптан тыс әрекеті.	Роботты сөндіріп және қайта жүктеңіз.
Тазалау кезіндегі әдеттен тыс дыбыстар.	Құрылғыны сөндіріңіз және негізгі және бүйір жақ қылшақтарың, сол/оң дөңгелектерін тексеріңіз. Бөгде заттар болған жағдайда, оларды алып тастаңыз.
Тазалау тиімділігі нашарлап, еденде шаң қалады.	Шаң жинағыш толған. Шаң жинағышты босатыңыз. Торлы фильтр бұғатталған. Торлы фильтрді тазалаңыз. Робот бөгде затпен бұғатталған. Негізгі қылшақты тазалаңыз.
Робот желіден тыс.	Wi-Fi сигналы әлсіз. Роботтың Wi-Fi сигналы аясында екеніне көз жеткізіңіз. Wi-Fi қосылу мүмкін емес. Wi-Fi қосылуды өшіріп, қосымшаның соңғы нұсқасын жүктеңіз және талпынысты қайталаңыз.
Робот шығу нүктесінде қозғалысты жалғастыра алмайды.	Шығу нүктесінде жұмысты жалғастыруға мүмкіндік бермейтін "Мазаламау" режимі белсендірілмегеніне көз жеткізіңіз. Басты құрылғыны қуаттау батырмасы басылғанда, өзін-өзі тазалау станциясында сыпыру және ылғалды тазалау батырмасы басылғанда, Қосымшадағы қуаттау батырмасы басылғанда немесе басты құрылғы кері өзін-өзі тазалау станциясына ауысқанда шығу нүктесіндегі жұмысты жаңарту мүмкін болмайды.
Қуаттауды орындау мүмкін емес.	Өзін-өзі тазарту станциясының айналасында орын жеткілікті және өзін-өзі тазалау станциясының электроды бетінде шаң немесе қоқыс жоқтығына көз жеткізіңіз. Қоршаған ортаның температурасы өте төмен (0 °C төмен) немесе өте жоғары (35 °C жоғары).

Әдеттегі мәселелер

Мәселе	Шешімі
Жоспарланған тазалау жүргізілмейді.	Егер құрылғы желіге қосылмаған болса, уақыт синхрондалмайды және жоспарланған тазалау басталмайды. Басты құрылғының «Мазаламау» режимінде тұрмағанына көз жеткізіңіз, керісінше жағдайда, жоспарланған тазалау белсендірілмейді.
Робот үнемі автономды режимде болады.	Робот желісін баптау сәтті өткеніне және робот үнемі Wi-Fi қосылу аумағында екеніне көз жеткізіңіз.
Робот Қосымшаға қосылмайды.	Роботтың және өзін-өзі тазалау станциясының Wi-Fi сигналы жақсы жерде екеніне көз жеткізіңіз. Wi-Fi жалғауын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы қадамдарға сәйкес жойып, қайтадан тіркестіріңіз.
Швабраны тазалау мүмкін емес.	Таза су резервуарында су аз. Оны таза сумен толтырыңыз. Лас суға арналған резервуар толған. Лас суды төгіп, оны жуыңыз. Тазалау саңылауы бітелген. Тазалауға арналған саңылаудың құрғату арнасын тазалаңыз.

Ақауларды табу және жою

Ақаулық туралы хабарлама	Шешімі
Лазерлік қашықтық датчигі бұғатталмағанына көз жеткізіңіз.	Лазерлік қашықтық датчигі бұғатталған немесе бөгде затпен басылған. Бұғаттаушы немесе бөгде затты алып тастаңыз. Ол мүмкін болмаса, роботтың орнын ауыстырып, қайта қосыңыз.
Шекара датчигін тазалап және роботтың орнын ауыстырыңыз.	Робот еденде тұрған жоқ. Роботтың орнын ауыстырып және қайта жүктеңіз. Шекара датчигі ластанған. Датчикті тазалаңыз.
Соғылу датчигін тексеріңіз және оны бөгде заттардан тазалаңыз.	Соғылу датчигі бітелген. Датчикті саусақпен тықылдатып, бөгде затты кетіріңіз. Бөгде зат болмаса, роботтың орнын ауыстырып және қайта жүктеңіз.
Роботты көлденең бетке қойыңыз және оны қосыңыз.	Роботтың көлбеу қалпы анықталған. Роботты көлденең бетке қойыңыз және оны қосыңыз немесе Қосымшада теңестіріңіз және роботты қайта жүктеңіз.
Басты құрылғыны қосу үшін еденге орнатыңыз.	Дөңгелек асылған қалыпта. Бастау үшін жаңа қалыпқа ауысыңыз.
Роботтың айналасындағы кедергілерді жойып, талпынысты қайталаңыз.	Робот бұғатталуы немесе тіреліп қалуы мүмкін. Айналасындағы барлық кедергілерді жойыңыз.
Шаң жинағыш орнына орнатылғанына көз жеткізіңіз.	Шаң жинағыш және торлы фильтрді алмастырыңыз. Торлы фильтр және шаң жинағыш орнына орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Ақауларды табу және жою

Ақаулық туралы хабарлама	Шешімі
Таза суға арналған резервуардың орнатылғанына көз жеткізіңіз.	Таза суға арналған резервуарды орнына орнатыңыз.
Лас суға арналған резервуардың орнатылғанына көз жеткізіңіз.	Лас суға арналған резервуарды орнына орнатыңыз.
Ағын су фильтрі орнатылғанына көз жеткізіңіз.	Ағын су фильтрін тазартып және оның орнына орнатылғанына көз жеткізіңіз.
Таза суға арналған резервуар бос. Таза суды уақытылы құйыңыз.	Таза суға арналған резервуарды тексеріп және қажет болса, оны толтырыңыз.
Лас суға арналған резервуар толған. Оны уақытылы тазарту керек.	Лас суға арналған резервуардағы суды төгіп, оны уақытылы жуу керек.
Тазалау саңылауы бітелген. Оны уақытылы тазарту керек.	Тазалауға арналған саңылауды тексеріп және оны тазарту керек.
Басты құрылғыны өзін-өзі тазалау станциясына ауыстырыңыз.	Басты құрылғы өзін-өзі тазалау станциясының қалпын анықтай алмайды. Басты құрылғыны қуаттау үшін өзін-өзі тазалау станциясына ауыстырыңыз.
Аккумулятор қуатсызданған. Роботты қуаттаңыз.	Қуаты өте төмен, басты құрылғы қалыпты қосыла алмайды.

Техникалық сипаттамалар

Робот-шаңсорғыш

Модель	HSR Pro+
Өлшемі	353 x 353 x 96,5 мм
Номинал қуат	40 Вт
Номиналды кернеуі	14,4 В =
Қуаттау кернеуі	20 В =
Акумулятор сыйымдылығы	5200 мАс
Таза салмағы	4,1 кг
Сымсыз жалғау	Wi-Fi IEEE 802.11b/g/n 2,4 ГГц РЧ 433 МГц

Өзін-өзі тазалау станциясы

Модель	HSR Pro+
Номинал тұтынылатын қуат	100–240 В ~ 50/60 Гц
Номиналды шығыс қуаты	20 В = 1,5 А
Өзін-өзі тазалау станциясының өлшемі	410 x 450 x 390 мм
Сымсыз жалғау	РЖ 433 МГц

Бұл өнім IEC60825-1:2014 бойынша I санатты лазерлермен жұмыстағы қауіпсіздік нормаларына сәйкес келеді және адам үшін қауіпті лазерлік сәуле шығармайды.

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Клиенттерге қолдау қызметі

Біз «Хайер» компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер сіз мәселеңіздің шешімін таба алмасаңыз, мынаған жүгініңіз:

— өзіңіздің ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8 (800) 070-01-29 (PK),

— <https://haieronline.kz> сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің қызмет көрсету орталығына хабарласып, паспорт тақтайшасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сату күні _____

Сондай-ақ, кепілдік пен сату құжаттарын тексеріңіз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді.

Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Өндіруші қосымша ескертусіз бұйым құрылымы мен жабдықтамасына өзгерістер енгізуге құқылы.



КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы, орналасқан мекенжайы: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park, Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, Қытай, Сіздің таңдауыңыз үшін алғысын білдіреді, осы бұйымды пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда оның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс істеуіне кепілдік береді. Тұрмыста пайдалануға арналған тұрмыстық техника бұйымдарына— теледидарларға, қысқа толқынды пештерге ресми қызмет ету мерзімі 5 жыл, планшетті компьютерлерге, ноутбуктер мен теледидар приставкаларына 3 жыл, робот-шаңсорғыштарға 4 жыл, ұялы телефондар мен гироскутерлерге 2 жыл, қалған тауарларға бұйымды соңғы тұтынушыға берген күннен бастап 7 жылды құрайды. Бұйымның жоғары сапасын ескере отырып, нақты пайдалану мерзімі ресми мерзімнен едәуір асып кетуі мүмкін. Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу және ұсыныстар алу үшін Уәкілетті сервистік орталыққа хабарласуды ұсынамыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып дайындалған және техникалық талаптарға сәйкестікке тиісті сертификаттаудан өткен.

Түсінбестікті болдырмау үшін сатып алған кезде пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият оқып шығуыңызды. Бұл бұйым техникалық жағынан күрделі тұрмыстық тауар болып табылады. Егер сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және қосылуды қажет етсе, біз сізге Haierдің Авторизацияланған серіктесімен хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымда кемшіліктер анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамада, басқа да нормативтік актілерде орнатылған тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру бойынша міндеттемелерді қабылдайтындығын растайды. Алайда Haier корпорациясы төменде келтірілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда кепілдік пен бұйымға қосымша қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсету шарттары

Haier корпорациясы тауарларды тұтынушыға беру күнінен бастап 12 айдың кепілдік мерзімін белгілейді. Ықтимал түсініспеушіліктерді болдырмау үшін сатылған кезде (тауарлық чек, кассалық чек, пайдалану жөніндегі нұсқаулық) өнімге бірге берілетін құжаттарды сақтаңыз. Бұйымға қосымша сервистік қызмет көрсету — Өндіруші кінәсінен туындаған бұйымның кемшіліктерін тұтынушы үшін тегін жою. Бұл қызмет бұйым иесі тауарлық және кассалық чектерді, бұйымды сатып алу фактісін растайтын басқа да құжаттарды көрсеткен кезде ғана көрсетіледі.

Кепілдік қызмет көрсетуді тек Haierдің Уәкілетті серіктестері ғана жүргізеді. Уәкілетті серіктестердің толық тізімін сіз Haier Ақпараттық орталығынан мына телефондар арқылы біле аласыз:

8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе сайтта: <https://haieronline.kz> немесе электрондық пошта арқылы сұрау салу арқылы: support-kz@haieronline.kz.

Уәкілетті серіктестердің деректері өзгертілуі мүмкін, толығырақ ақпарат алу үшін Haier Ақпараттық орталығына хабарласыңыз.

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Кепілдікті және қосымша сервистік қызмет көрсету кемшіліктері мыналардың салдарынан туындаған бұйымдарға таралмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе қосу;
- құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ адамдарды Бұйымды монтаждауға тарту сияқты тоңазытқыш контурымен және электр қосылымдарымен жұмыс технологиясын бұзу;
- пайдалану жөніндегі нұсқаулық талап еткен жағдайда Бұйымға уақтылы техникалық қызмет көрсетудің болмауы;
- су құбыры желісінде артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың ұсынылған мөлшерінен асып кету;
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
- үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері: уәкілетті емес тұлғалардың дайындаушы рұқсат етпеген жөндеуі немесе құрылымдық немесе сұлбалық-техникалық өзгерістерді енгізуі;
- техникалық стандарттардан және қуат беру желілерінің нормаларынан ауытқулар;
- еңсерілмейтін күштің әрекеттері (апат, өрт, найзағай т. б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйымның ішіне бөгде заттардың, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің, жәндіктердің қалдықтарының түсуінен болатын зақым анықталса;— су жылытқыштың сумен толтырылмаған/толық толтырылмаған бағын қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсету мынадай жұмыс түрлеріне таралмайды:

- бұйымды пайдалану орнында орнату және қосу;
- бұйымды пайдалану бойынша тұтынушыға нұсқау беру және кеңес беру;
- бұйымды сыртынан немесе ішінен тазалау.

Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсетуге төменде келтірілген шығын материалдары мен аксессуарлары жатпайды:

- кондиционерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш және ыдыс жуатын машиналарға арналған сүзгілер, суды жеткізуге/төгуге арналған құбыршектер;
- құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, саптамалар, шаң жинағыштар, шаңсорғыштарға арналған сүзгілер;
- тәрелкелер, істіктер, торлар, табақшалар және қысқа толқынды пештерге арналған тұғырықтар;
- сүзгілер, иіс сіңіргіштер, шамдар, сөрелер, жәшіктер, тұғырықтар және азық-түлікті тоңазытқыштарда сақтауға арналған басқа да ыдыстар;
- басқару пульстері, аккумуляторлық батареялар, қуат беру элементтері, сыртқы қуат беру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының өтініші бойынша қосымша ақыға жасалады.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың бүлінуі немесе болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға әкелуі мүмкін.

Изготовитель/ Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»
Адрес / Мекен-жайы: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park, Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Уполномоченная организация/ импортер: ООО «ХАР»,
121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.
Тел.: 8-800-250-43-05, адрес эл. почты: info@haierussia.ru

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы: «Хайер Мидл Эйжа» ЖШС,
050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.
Тел.: 8-800-070-01-29, эл.поштаның мекенжайы: support-kz@haieronline.kz

Уполномоченная организация в Республике Казахстан: ТОО «Хайер Мидл Эйжа»,
050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.
Тел.: 8-800-070-01-29, адрес эл. почты: support-kz@haieronline.kz

Продукция соответствует требованиям технических регламентов Евразийского экономического союза (Таможенного) / Өнім Еуразиялық экономикалық (Кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Сертификат соответствия № ЕАЭС RU С-CN.ГБ09.В.00488/23 от 31.07.2023 действует до 30.07.2028.
Декларация о соответствии № ЕАЭС N RU Д-CN.РА05.В.99789/23 от 31.07.2023 действует до 30.07.2028.

Более подробные сведения указаны в Едином реестре выданных сертификатов соответствия и зарегистрированных деклараций о соответствии Евразийского экономического союза / Неғұрлым толық мәліметтер берілген сәйкестік сертификаттарының және Еуразиялық экономикалық одақтың тіркелген сәйкестік декларацияларының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

Сделано в Китае / Қытайда жасалған

Дата изготовления
и гарантийный срок
указаны на этикетке
устройства

Шығарылған күні
және кепілдік
мерзімі құрылғының
заттаңбасында
көрсетілген

